

**"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 21 тамыздағы № 128 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 134 шешімін және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 7 ақпандағы № 25 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың

интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу рәсімдерін орындау мерзімі осы Шешім күшіне енген күннен бастап 9 айдан аспайды деп белгіленсін.

### 3. Мыналардың:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2016 жылғы 2 маусымдағы № 55 шешімінің;

Кеден Одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 8-тармағының (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 5 шешіміне қосымша) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 21 тамыздағы  
№ 128 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі - Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылмай тасымалданатын тауарлардың жекелеген санаттарының келуі және кетуі кезінде кедендік операцияларды жасаудың кейбір мәселелері туралы" 2017 жылғы 7 қарашадағы № 134 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кедендік органдарының Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың нақты әкетілуін растау тәртібі туралы" 2018 жылғы 7 ақпандағы № 25 шешімі.

## **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне (бұдан әрі - жалпы процесс) қатысушылар

арасындағы ақпараттық өзара іс қимылдың тәртібі мен шарттарын, осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипатталуын қоса алғанда, айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде пайдаланады.

### **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" - жалпы процеске қатысушыға белгілі бір әрекеттерді орындауға құқықтар беру;

"келу орны" - Одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізу орны, бұл арқылы тауарлар Одақтың кедендік аумағына келеді;

"кету орны" - Одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізу орны, бұл арқылы тауарлар Одақтың кедендік аумағынан кетеді;

"жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" - ақпараттық объектінің өмірлік циклінің белгілі бір кезеңін сипаттайтын, жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгеріп тұратын қасиет;

"уәкілетті орган" - Одаққа мүше мемлекеттің кеден органы, оған бұл мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы жалпы процесс шеңберінде кедендік операцияларды жасау кезінде мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдері тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, онтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

### **IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер**

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.CP.02, 2.0.0 нұсқасы.

#### **1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері**

7. Жалпы процестің мақсаты экспорт кедендік рәсіміне, кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсіміне, уақытша әкету кедендік рәсіміне, кері экспорт кедендік рәсіміне немесе арнайы кедендік рәсімге (бұдан әрі - Одақтың кедендік аумағынан тауарларды әкетуге жол беретін кедендік рәсім) сәйкес Одаққа мүше бір мемлекетте шығарылған (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) және басқа мүше мемлекетте Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін, оның ішінде Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы кету орнына жеткізу үшін тасымалданатын тауарларды бақылау, сондай-ақ уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру есебінен осындай тауарлардың өткізілуін мониторингтеу және Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың нақты әкетілуін растау тиімділігін арттыру болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - ақпараттық жүйе) пайдалана отырып, тауарлардың нақты әкетілуіне бақылауды жүзеге асыру үшін уәкілетті органдар арасында қажетті мәліметтермен автоматты түрде алмасуды қамтамасыз ету;

б) Одақ деректерінің ортақ моделін пайдалану негізінде құрылған электрондық құжаттар мен мәліметтердің бірегей құрылымының қолданылуын қамтамасыз ету;

в) Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу, Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың нақты шығарылуын растайтын мәліметтерді (бұдан әрі - тауарлардың нақты шығарылуы туралы мәліметтер) және Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының екінші бөлігіне Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары және (немесе) теңіз арқылы тасымалданатын (тасылатын) тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді (бұдан әрі - тауарлардың өтуі туралы мәліметтер) ұсыну мақсатында уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

г) белгілі бір тауар партиясы тауарларының нақты әкетілуін растауды бақылау үшін қажетті ақпаратты, егер көрсетілген ақпаратты ұсыну Одақтың құқығына кіретін актілерде көзделген болса, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша ұсынуды қамтамасыз ету;

д) тауарлар екі және одан көп мүше мемлекеттер аумағы арқылы өткізілген жағдайда ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

## **2. Жалпы процеске қатысушалар**

9. Жалпы процеске қатысушылар тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

## **Жалпы процеске қатысушылар тізбесі**

| Кодтық белгіленімі | Атауы                                                                         | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                               |
|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                  | 2                                                                             | 3                                                                                                                                                                                                                         |
| P.CP.02.ACT.001    | тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган                           | жүйесінде Одақтың кедендік аумағынан тауарларды әкетуге жол беретін кедендік рәсімге сәйкес тауарларды шығару жүзеге асырылатын, сондай-ақ нақты әкетілген тауарлар саны есепке алынатын уәкілетті орган                  |
| P.CP.02.ACT.002    | кету орнының уәкілетті органы                                                 | жүйесінде кедендік операциялар жасалатын және Одақтың кедендік аумағынан тауарларды нақты әкету кезінде кедендік бақылау жүзеге асырылатын уәкілетті орган                                                                |
| P.CP.02.ACT.003    | тауарлардың өтуін рәсімдейтін келу орнының уәкілетті органы                   | жүйесінде кедендік операциялар жасалатын және экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың Одақтың кедендік аумағының екінші бөлігіне кетуі кезінде кедендік бақылау жүзеге асырылатын уәкілетті орган          |
| P.CP.02.ACT.004    | тауарлардың өтуін рәсімдейтін кету орнының уәкілетті органы                   | жүйесінде кедендік операциялар жасалатын және экспорт кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың Одақтың кедендік аумағының екінші бөлігінен келуі кезінде кедендік бақылау жүзеге асырылатын уәкілетті орган         |
| P.CP.02.ACT.005    | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салатын уәкілетті орган | кету орнының уәкілетті органы (P.CP.02.ACT.002) немесе тауарлардың өтуін рәсімдейтін келу орнының уәкілетті органы (P.CP.02.ACT.003) немесе тауарлардың өтуін рәсімдейтін кету орнының уәкілетті органы (P.CP.02.ACT.004) |
| P.CP.02.ACT.006    | нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды алушы                            | тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган (P.CP.02.ACT.001), кету орнының уәкілетті органы (P.CP.02.ACT.002)                                                                                                    |
| P.CP.02.ACT.007    | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабарды алушы                           | тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган (P.CP.02.ACT.001), тауарлардың өтуін рәсімдейтін келу орнының уәкілетті органы (P.CP.02.ACT.003)                                                                      |

### 3. Жалпы процесс құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

а) тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кетуі процесінде олардың нақты әкетілуін бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдері;

б) уәкілетті органның сұрау салуы бойынша тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

в) Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы тауарлардың өтуі туралы хабардар ету рәсімдері.

11. Жалпы процестің тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кетуі процесінде олардың нақты әкетілуін бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдерінің тобына кіретін рәсімдерін орындау кезінде Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау үшін қажетті ақпаратпен алмасу жүзеге асырылады.

Көрсетілген рәсімдерді орындау кезінде мынадай әрекеттер жүзеге асырылады:

тауарларды Одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге шығаруға жол беретін кедендік рәсімге сәйкес шығарылған тауарлар туралы мәліметтерге сұрау салу және оларды ұсыну;


тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді, оның ішінде бұрын жолданған мәліметтерді түзету және жою туралы мәліметтерді ұсыну.

Жалпы процестің тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін рәсімдерін орындау кезінде уәкілетті органның сұрау салуы бойынша тауарлардың шығарылу фактісі туралы мәліметтерге сұрау салу және тауарлардың кетуіне рұқсат беруді рәсімдейтін уәкілетті органның сұрау салынған мәліметтерді ұсынуы жүзеге асырылады.

Жалпы процестің Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы тауарлардың өтуі туралы хабардар ету рәсімдері тобына кіретін рәсімдерін орындау кезінде тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органды және тауарлардың өтуін рәсімдейтін кету орнының уәкілетті органын немесе тауарлардың өтуін рәсімдейтін келу орнының уәкілетті органын хабардар ету жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 356-бабы 2-тармағына сәйкес жалпы процесс шеңберінде мемлекеттік, коммерциялық, салықтық, банктік және мүше мемлекеттердің заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны (жасырымды) құрайтын ақпарат, сондай-ақ басқа да құпия ақпарат берілмейді.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



## 1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

13. Жалпы процестің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдерін орындау тәртібі , операциялардың тәптіштелген сипаттамасын қоса алғанда, осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы схема келтіріледі, ол жалпы процестің рәсімдері арасындағы байланысты және рәсімдерді орындау тәртібін көрсетеді. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (бірыңғай бейнелеу тілі - Unified Modeling Language) графикалық нотация пайдаланып жасалған және оның мәтіндік сипаттамасы бар.

### 4. Тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кетуі процесінде олардың нақты әкетілуін бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдері тобы

15. Тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кетуі процесінде олардың нақты әкетілуіне бақылауды жүзеге асыру кезінде тауарлардың кетуіне рұқсат беруді рәсімдейтін уәкілетті орган тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органнан соған сәйкес Одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарларды шығаруға жол беретін кедендік рәсіммен тауарлар орналастырылған Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді уәкілетті органнан сұратады. Тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді не сұратылатын ақпараттың болмауы туралы мәліметті ұсынады. Бұл ретте "Тауарларға

арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.001) рәсімі орындалады.


Көрсетілген мәліметтерді ұсыну "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.

Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың кетуіне рұқсат беруді ресімдеу туралы шешім қабылданған жағдайда кету орнының уәкілетті органы тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға тауарлардың нақты шығарылуы туралы мәліметтерді жолдайды. Бұл ретте "Тауарлардың нақты әкетілуін растау" (P.CP.02.PRC.002) рәсімі орындалады.

Осындай тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтер Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кедендік органдарының Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың нақты әкетілуін растау тәртібі туралы" 2018 жылғы 7 ақпандағы № 25 шешімінің III бөлімінің 25-тармағында көзделген жағдайларда жойылуы мүмкін. Бұл ретте "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді жою" (P.CP.02.PRC.003) рәсімі орындалады.

Тауарлардың кетуіне рұқсат беруді ресімдеуден кейін электрондық растау мен Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың кетуіне рұқсат алу үшін ұсынылған құжаттар арасында айырмашылық анықталған жағдайда осындай тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтер түзетілуі мүмкін. Бұл ретте "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді түзету" (P.CP.02.PRC.005) рәсімі орындалады.

16. Тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кетуі процесінде олардың нақты әкетілуін бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кетуі процесінде олардың нақты әкетілуін бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кетуі процесінде олардың нақты әкетілуін бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

**Тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кетуі процесінде олардың нақты әкетілуін бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдерінің тізбесі**

| Кодтық белгіленімі | Атауы                                                      | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------------|------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                  | 2                                                          | 3                                                                                                                                                                                                                                      |
| P.CP.02.PRC.001    | Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу | рәсім тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органның Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салатын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді ұсынуы үшін арналған |

|                 |                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                      |
|-----------------|-------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| P.CP.02.PRC.002 | тауарлардың нақты әкетілуін растау                    | рәсім кету орнының уәкілетті органы тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсынуы үшін арналған                                                                                        |
| P.CP.02.PRC.003 | тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді жою    | рәсім кету орнының уәкілетті органының тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтердің жіберілгені туралы мәліметтерді ұсынына арналған                                                        |
| P.CP.02.PRC.005 | тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді түзету | рәсім кету орны уәкілетті органының электрондық растау мен кедендік аумақтан тауарлардың кетуіне рұқсат алу үшін ұсынылған құжаттар арасында айырмашылық болған жағдайда тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге түзетуді ұсыну үшін арналған |

## **5. Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобы**

18. Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобын орындау тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органда тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтер болмаған кезде жүзеге асырылады.

Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді кету орнының уәкілетті органы ұсынбаған және сыртқы экономикалық қызметке қатысушы Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың нақты әкетілуін растау үшін уәжді өтініш ұсынған кезде, тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган кету орнының уәкілетті органына тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсынуына сұрау салады. Кету орнының уәкілетті органы тауарлардың нақты шығарылуы туралы мәліметтерді ұсынады не сұратылатын мәліметтердің болмауы туралы хабарлама жолдайды. Бұл ретте "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.004) рәсімі орындалады.

19. Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Жалпы процестің тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша ұсыну рәсімдері тобына кіретін рәсімдері тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

**Жалпы процестің тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша ұсыну рәсімдері тобына кіретін рәсімдері тізбесі**

| Кодтық белгіленімі | Атауы                                                     | Сипаттамасы                                                                                                                                                                        |
|--------------------|-----------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                  | 2                                                         | 3                                                                                                                                                                                  |
| P.CP.02.PRC.004    | тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу | рәсім кету орны уәкілетті органының тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ұсынуы үшін арналған |

**6. Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы тауарлардың өтуі туралы хабарлау рәсімдері тобы**


21. Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы тауарлардың өтуі туралы хабардар ету рәсімдері тобын орындау кедендік экспорт рәсімімен орналастырылған Одақ тауарларының Одақтың кедендік аумағынан кетуі және Одақтың кедендік аумағына келуі кезінде жүзеге асырылады.

22. При прибытии на таможенную территорию Союза тауаров, которые перевозились (транспортировались) Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының екінші бөлігіне Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы кету орнына жеткізу үшін

тасымалданған (тасылған) тауарлардың Одақтың кедендік аумағына келуі кезінде "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.006) рәсімі орындалады.

23. Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының екінші бөлігіне Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы кез келген көлік түрімен тасымалданатын (тасылатын), кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылмай тасымалдауға (тасуға) жататын, кету орнына жеткізу үшін кедендік экспорт рәсімімен орналастырылған Одақ тауарларының Одақтың кедендік аумағынан кетуі "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.007) рәсімі орындалады.

24. Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы тауарлардың өтуі туралы хабардар ету рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте берілген.



4-сурет. Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы тауарлардың өтуі туралы хабардар ету рәсімдері тобының жалпы схемасы

25. Жалпы процестің Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы тауарлардың өтуі туралы хабардар ету рәсімдері тобына кіретін рәсімдері тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

**Жалпы процестің Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы тауарлардың өтуі туралы хабардар ету рәсімдері тобына кіретін рәсімдері тізбесі**

| Кодтық белгіленімі | Атауы                                              | Сипаттамасы                                                                                                                    |
|--------------------|----------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                  | 2                                                  | 3                                                                                                                              |
| P.CP.02.PRC.006    | нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету  | рәсім келу орнының тауарлардың өтуін рәсімдейтін уәкілетті органының тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсынуы үшін арналған |
| P.CP.02.PRC.007    | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардар ету | рәсім кету орнының тауарлардың өтуін рәсімдейтін уәкілетті органының тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсынуы үшін арналған |

## V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Өздері туралы немесе жалпы процеске қатысушалар арасындағы өзара іс-қимыл процесінде өздерінен мәліметтер берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

### Ақпараттық объектілер тізбесі

| Кодтық белгіленімі | Атауы                                         | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                              |
|--------------------|-----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                  | 2                                             | 3                                                                                                                                                                                                                        |
| P.CP.02.BEN.001    | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтер | тауарларға арналған декларацияда қамтылған мәліметтер                                                                                                                                                                    |
| P.CP.02.BEN.002    | тауарлардың нақты шығарылуы туралы мәліметтер | Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың нақты шығарылуы туралы мәліметтер                                                                                                                                                 |
| P.CP.02.BEN.003    | тауарлардың өтуі туралы мәліметтер            | Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының екінші бөлігіне Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы өтуі үшін тауарлардың уақытша кетуі туралы мәліметтер |

## VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

22. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін уәкілетті органдардың ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

28. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

**Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі**


| Кодтық белгіленімі | Атауы                                                                                                      | Тип        | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                               |
|--------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                  | 2                                                                                                          | 3          | 4                                                                                                                                                                                                                                                         |
| P.CLS.001          | әлем елдері<br>сыныптауышы                                                                                 | сыныптауыш | әлем елдері атауларының тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)                                                                                     |
| P.CLS.002          | валюта сыныптауышы                                                                                         | сыныптауыш | валюталардың кодтары мен атаулары тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)                                                                                                               |
| P.CLS.003          | Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН) | сыныптауыш | Дүниежүзілік кеден ұйымының тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз мемлекеттер достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген тауарлардың кодтары мен атаулары тізбесін қамтиды |
| P.CLS.014          | құжаттардың түрлері мен мәліметтердің сыныптауышы                                                          | сыныптауыш | кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланылатын құжаттар түрлерінің кодтары мен атаулары тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)                                                           |
|                    |                                                                                                            |            | көлік құралдары мен тауарларды тасымалдау түрлерінің тізбесін және оларға сәйкес келетін                                                                                                                                                                  |

|           |                                                                                        |             |                                                                                                                                                                           |
|-----------|----------------------------------------------------------------------------------------|-------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| P.CLS.015 | көлік құралдары мен тауарларды тасымалдау түрлерінің сыныптауышы                       | сыныптауыш  | кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)                                                                 |
| P.CLS.023 | өлшем бірліктерінің сыныптауышы                                                        | сыныптауыш  | өлшем бірліктерінің кодтары, шартты белгіленімдері мен атаулары тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады) |
| P.CLS.025 | Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының сыныптауышы      | сыныптауыш  | мүше мемлекеттердің кеден органдарының кодтары мен атаулары тізбесін қамтиды                                                                                              |
| P.CLS.026 | Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының анықтамалығы | анықтамалық | мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының тізбесін қамтиды                                                                                                               |
| P.CLS.073 | жол көлігі құралдарының маркалары сыныптауыш                                           | сыныптауыш  | жол көлігі құралдары маркаларының кодтары мен атаулары тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)          |
| P.CLS.084 | кеден органдары қабылдайтын шешімдерің сыныптауышы                                     | сыныптауыш  | кеден органдары қабылдайтын шешімдердің кодтары мен атаулары тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)    |

## VIII. Жалпы процесс рәсімдері

**1. Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың кетуі процесінде олардың нақты әкетілуін бақылауды ақпараттық қамтамасыз ету рәсімдері "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.001) рәсімі**

29. "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.001) рәсімін орындау схемасы.

30. "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.001) рәсімі бір мүше мемлекетте Одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарларды шығаруды көздейтін кедендік рәсімге сәйкес шығарылған тауарлардың басқа мүше мемлекеттің аумағында орналасқан Одақтың кедендік аумағынан кету орнына келуі кезінде және кедендік декларацияда көрсетілген тауарлар туралы мәліметтерді және көлік (тасымалдау) құжаттарында қамтылған мәліметтерді тексеру кезінде орындалады.

31. Бірінші "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салатын уәкілетті орган Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға береді.

32. Тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алған кезде "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салатын уәкілетті орган Одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарларды шығаруды көздейтін кедендік рәсімге сәйкес тауарлардың шығарылуы жүзеге асырылған тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді ұсынады. Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтер Одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге

бұрын шығарылған тауарлар саны ескеріле отырып ұсынылады. Егер тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органда сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтер жоқ болса, тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салатын уәкілетті органға мұндай мәліметтердің болмауы туралы хабарлама жіберіледі.

33. Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салатын уәкілетті орган тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің болмауы туралы хабарламаны алған кезде "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CP.02.OPR.003) операциясы орындалады.

34. Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салатын уәкілетті органның тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің болмауы туралы хабарламаны қабылдауы және өңдеуі "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

35. Жалпы процестің "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

**Жалпы процестің "Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі**

| Кодтық белгіленімі | Атауы                                                               | Сипаттамасы                                |
|--------------------|---------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1                  | 2                                                                   | 3                                          |
| P.CP.02.OPR.001    | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу          | осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген  |
| P.CP.02.OPR.002    | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді ұсыну               | осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген  |
| P.CP.02.OPR.003    | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген |

8-кесте

**"Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.OPR.001) операциясының сипаттамасы**

| Реттік № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы     |
|----------|------------------------|-----------------|
| 1        | 2                      | 3               |
| 1        | Кодтық белгіленімі     | P.CP.02.OPR.001 |
|          |                        |                 |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|---|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2 | Операция атауы          | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 3 | Орындаушы               | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салатын уәкілетті орган                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 4 | Орындау шарттары        | бір мүше мемлекетте Одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарларды шығаруды көздейтін кедендік рәсімге сәйкес шығарылған тауарлардың басқа мүше мемлекеттің аумағында орналасқан Одақтың кедендік аумағынан кету орнына келуі кезінде және кедендік декларацияда көрсетілген тауарлар туралы мәліметтерді және көлік (тасымалдау) құжаттарында қамтылған мәліметтерді тексеру кезінде орындалады |
| 5 | Шектеулер               | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматы мен құрылымының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Сұрау салу электрондық цифрлық қолтаңбамен (электрондық қолтаңбамен) расталуға тиіс                                                                                                                                                                              |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға жолдайды                                                                                                                                                                                      |
| 7 | Нәтижелер               | тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерге сұрау салу тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға берілді                                                                                                                                                                                                                                                                             |

9-кесте

**"Тауарларға арналған декларациядағы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.002) операциясының сипаттамасы**

| Реттік № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы     |
|----------|------------------------|-----------------|
| 1        | 2                      | 3               |
| 1        | Кодтық белгіленімі     | P.CP.02.OPR.002 |
|          |                        |                 |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|---|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|---|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдау мен өндеуді жүзеге асырады |
| 7 | Нәтижелер               | тауарлардың нақты әкетілуін растауды тузету туралы мәліметтердің өңделуі туралы хабарлама өңделді       |

## 2. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуы бойынша тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері

### "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" рәсімі (P.CP.02.PRC.004)

57. "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 9-суретте берілген.



9-сурет. "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.004) рәсімін орындау схемасы.

58. "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.004) рәсімі тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органда тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтер бомаған және сыртқы экономикалық қызметке қатысушы Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың нақты әкетілуін растау үшін уәжді өтініш ұсынған кезде орындалады. Мәліметтер алу қажеттігі болған кезде бірнеше мүше мемлекеттің кету орнының уәкілетті органдарында рәсім әрбір мүше мемлекет үшін жеке орындалады.

59. Бірінші "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.OPR.010) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және кету орнының уәкілетті органына жолдайды.

60. Кету орнының уәкілетті органы тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алған кезде "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.011) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға тауарлардың нақты шығарылуы туралы мәліметтер ұсынылады не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің болмауы туралы хабарлама жолданады.

61. Тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган, тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің болмауы туралы хабарламаны алған кезде "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы сұратылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CP.02.OPR.012) операциясы орындалады.

62. Тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органның тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің болмауы туралы хабарламаны қабылдауы және өңдеуі "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.004) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

63. Жалпы процестің "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 23-кестеде келтірілген.

23-кесте

**Жалпы процестің "Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі**

| Кодтық белгіленімі | Атауы                                                                         | Сипаттамасы                                |
|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1                  | 2                                                                             | 3                                          |
| P.CP.02.OPR.010    | тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу                     | осы Қағидалардың 24-кестесінде келтірілген |
| P.CP.02.OPR.011    | тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну                          | осы Қағидалардың 25-кестесінде келтірілген |
| P.CP.02.OPR.012    | тауарлардың нақты әкетілуі туралы сұратылған мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 26-кестесінде келтірілген |

24-кесте

**"Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.OPR.010) операциясының сипаттамасы**

| Реттік № | Элементтің белгіленімі  | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                             |
|----------|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1        | 2                       | 3                                                                                                                                                                                                                       |
| 1        | Кодтықбелгіленімі       | P.CP.02.OPR.010                                                                                                                                                                                                         |
| 2        | Операция атауы          | тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу                                                                                                                                                               |
| 3        | Орындаушы               | тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган                                                                                                                                                                     |
| 4        | Орындау шарттары        | тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органда тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтер болмаған кезде орындалады                                                                                            |
| 5        | Шектеулер               | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматы мен құрылымының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Сұрау салу электрондық цифрлық қолтаңбамен (электрондық қолтаңбамен) расталуға тиіс |
| 6        | Операцияның сипаттамасы | орындаушы тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес кету орнының уәкілетті органына береді                                  |
| 7        | Нәтижелер               | тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салу кету орнының уәкілетті органына берілді                                                                                                               |

25-кесте

**"Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.011) операциясының сипаттамасы**

| Реттік № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы                                                                               |
|----------|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1        | 2                      | 3                                                                                         |
| 1        | Кодтықбелгіленімі      | P.CP.02.OPR.011                                                                           |
| 2        | Операция атауы         | Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну                                      |
| 3        | Орындаушы              | кету орнының уәкілетті органы                                                             |
|          |                        | орындаушы тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды алған кезде |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|---|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Орындау шарттары        | орындалады ("Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.CP.02.OPR.010) операциясы)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 5 | Шектеулер               | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматы мен құрылымының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана сұратады                                                                                                                                                                                                                              |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуды өндеуді жүзеге асырады, тауарлардың нақты шығарылуы туралы мәліметтерді қалыптастырады және тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға жолдайды. Сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын, тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтер болмаған кезде, тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға көрсетілген мәліметтердің болмауы туралы хабарлама жолданады |
| 7 | Нәтижелер               | тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға тауарлардың нақты шығарылуы туралы мәліметтер ұсынылды не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің болмауы туралы хабарлама жолданды                                                                                                                                                                                                                                                   |

26-кесте

**"Тауарлардың нақты әкетілуі туралы сұратылған мәліметтерді қабылдау және өндеу" (P.CP.02.OPR.012) операциясының сипаттамасы**


| Реттік № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы                                                                   |
|----------|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|
| 1        | 2                      | 3                                                                             |
| 1        | Кодтық белгіленімі     | P.CP.02.OPR.012                                                               |
| 2        | Операция атауы         | тауарлардың нақты әкетілуі туралы сұратылған мәліметтерді қабылдау және өндеу |
| 3        | Орындаушы              | тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган                           |
|          |                        | орындаушы тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді не                   |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|---|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Орындау шарттары        | сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің болмауы туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.011) операциясы)                                                                                                                                                                         |
| 5 | Шектеулер               | ұсынылған мәліметтердің не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің болмауы туралы хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматы мен құрылымының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы тауарлардың нақты әкетілуі туралы мәліметтерді не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің болмауы туралы хабарламаны қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады                                                                                                                                                                                      |
| 7 | Нәтижелер               | тауарлардың нақты шығарылуы туралы мәліметтер не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің болмауы туралы хабарлама өңделді                                                                                                                                                                                                                               |

### 3. Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы арқылы тауарлардың өтуі туралы хабардар ету рәсімдері

#### "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" рәсімі (P.CP.02.PRC.006)

64. "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.006) рәсімін орындау схемасы 10-суретте берілген.



10-сурет. "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.006) рәсімін орындау схемасы.

65. "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.006) рәсімі бір мүше мемлекетте кедендік экспорт рәсіміне сәйкес шығарылған Одақтың тауарларын келу орнына жеткізу үшін Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының екінші бөлігіне Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы тасымалданған (тасылған) басқа мүше мемлекеттің аумағында орналасқан Одақтың кедендік аумағына келу орнына келген кезде кедендік бақылау жүргізу нәтижелері бойынша орындалады.

Одақтың кедендік аумағына келу орны және тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кету орны тауарларды шығаруды жүзеге асырған мүше мемлекетке сәйкес келмейтін әртүрлі мүше мемлекеттердің аумағында орналастырылған кезде, нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабар көрсетілген ақпаратты алушылардың барлығына жолданады (тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға және кету орнының уәкілетті органына). Бұл ретте "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.006) рәсімі әрбір мүше мемлекетке жеке-жеке орындалады.

Одақтың кедендік аумағына келу орны және тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кету орны бір мүше мемлекеттің аумағында не тауарлардың Одақтың кедендік аумағынан кету орны тауарларды шығаруды жүзеге асырған мүше мемлекеттің аумағында орналастырылған кезде, нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабар көрсетілген ақпаратты бір ғана алушыға – тауарларды шығаруды жүзеге асырған уәкілетті органға жолданады.

66. Бірінші "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.016) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша тауарлардың

өтуін рәсімдейтін келу орнының уәкілетті органы нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды қалыптастырады және нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды алушыға жолдайды.

67. Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды алушы хабарды алған кезде "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CP.02.OPR.017) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша келу орнының тауарлардың өтуін рәсімдейтін уәкілетті органына нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды өңдеу туралы хабарлама жолданады.

68. Келу орнының тауарлардың өтуін рәсімдейтін уәкілетті органы, нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды өңдеу туралы хабарламаны алған кезде "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу" (P.CP.02.OPR.018) операциясы орындалады.

69. Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды алушының нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды өңдеуі "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.006) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

70. Жалпы процестің "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.006) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 27-кестеде келтірілген.

27-кесте

**Жалпы процестің "Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.006) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі**

| Кодтық белгіленімі | Атауы                                                                        | Сипаттамасы                                |
|--------------------|------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1                  | 2                                                                            | 3                                          |
| P.CP.02.OPR.016    | нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсыну                      | осы Қағидалардың 28-кестесінде келтірілген |
| P.CP.02.OPR.017    | нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу        | осы Қағидалардың 29-кестесінде келтірілген |
| P.CP.02.OPR.018    | нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу | осы Қағидалардың 30-кестесінде келтірілген |

28-кесте

**"Нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.016) операциясының сипаттамасы**

| Реттік № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы                                             |
|----------|------------------------|---------------------------------------------------------|
| 1        | 2                      | 3                                                       |
| 1        | Кодтық белгіленімі     | P.CP.02.OPR.016                                         |
| 2        | Операция атауы         | нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсыну |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|---|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3 | Орындаушы               | тауарлардың өтуін рәсімдейтін келу орнының уәкілетті органы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 4 | Орындау шарттары        | бір мүше мемлекетте кедендік экспорт рәсіміне сәйкес шығарылған, Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы шығару орны болып табылмайтын басқа мүше мемлекеттің аумағында орналасқан орынға тасымалданатын тауарлар келген жағдайда нақты келген тауарларға қатысты келу орнында кедендік бақылаудан өткен тауарлардың мәртебесін растау кезінде және нақты әкетілген тауарлар мен тасымалдау (тасу) құжаттарында қамтылған мәліметтерді тексеру кезінде орындалады |
| 5 | Шектеулер               | нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматы мен құрылымының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабар электрондық цифрлық қолтаңбамен (электрондық қолтаңбамен) расталуға тиіс                                                                                                                                                                                                                  |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алушыға жолдайды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 7 | Нәтижелер               | нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабар алушыға жолданды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |

29-кесте

**"Нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CP.02.OPR.017) операциясының сипаттамасы**

| Реттік № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы                                                           |
|----------|------------------------|-----------------------------------------------------------------------|
| 1        | 2                      | 3                                                                     |
| 1        | Кодтықбелгіленімі      | P.CP.02.OPR.017                                                       |
| 2        | Операция атауы         | нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу |
| 3        | Орындаушы              | нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды алушы                    |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|---|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Орындау шарттары        | орындаушы нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды алған кезде орындалады ("Нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.016) операциясы)                                                                                                                         |
| 5 | Шектеулер               | нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматы мен құрылымының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабардар ету электрондық цифрлық қолтаңбамен (электрондық қолтаңбамен) расталуға тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады, оның өңделуі туралы хабарламаны қалыптастырады және тауарлардың өтуін рәсімдейтін келу орнының уәкілетті органына жолдайды                                                                         |
| 7 | Нәтижелер               | нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабар өңделді, оның өңделуі туралы хабарлама тауарлардың өтуін рәсімдейтін келу орнының уәкілетті органына жолданды                                                                                                                                       |

30-кесте


**"Нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу" (P.CP.02.OPR.018) операциясының сипаттамасы**

| Реттік № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                  |
|----------|------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1        | 2                      | 3                                                                                                                                                                                                            |
| 1        | Кодтықбелгіленімі      | P.CP.02.OPR.018                                                                                                                                                                                              |
| 2        | Операция атауы         | нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді өңдеу туралы хабарлама алу                                                                                                                                 |
| 3        | Орындаушы              | тауарлардың өтуін рәсімдейтін, тауарлар келетін орынның уәкілетті органы                                                                                                                                     |
| 4        | Орындау шарттары       | орындаушы нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды өңдеу туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Нақты келген тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.CP.02.OPR.017) операциясы) |

|   |                         |                                                                                                                                    |
|---|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5 | Шектеулер               | хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматы мен құрылымының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды өңдеу туралы хабарламаны қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады                |
| 7 | Нәтижелер               | нақты келген тауарлардың өтуі туралы хабарды өңдеу туралы хабарлама өңделді                                                        |

### "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.007) рәсімі

71. "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.007) рәсімін орындау схемасы 11-суретте берілген.



11-сурет. "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.007) рәсімін орындау схемасы.

72. "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.007) рәсімі бір мүше мемлекетте кедендік экспорт рәсіміне сәйкес шығарылған Одақтың тауарлары кету орнына жеткізу үшін Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының екінші бөлігіне Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы тасымалданған (тасылған) басқа мүше мемлекеттің аумағында орналасқан Одақтың кедендік аумағынан кету орнынан кеткен кезде кедендік бақылау жүргізу нәтижелері бойынша орындалады.

Одақтың кедендік аумағынан кету орны және тауарлардың Одақтың кедендік аумағына келу орны тауарларды шығаруды жүзеге асырған мүше мемлекетке сәйкес келмейтін әртүрлі мүше мемлекеттердің аумағында орналастырылған кезде, нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабар көрсетілген ақпаратты алушылардың барлығына жолданады (тауарларды шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті органға және келу орнының уәкілетті органына). Бұл ретте "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.007) рәсімі әрбір мүше мемлекетке жеке-жеке орындалады.

Одақтың кедендік аумағынан кету орны және тауарлардың Одақтың кедендік аумағына келу орны бір мүше мемлекеттің аумағында не тауарлардың Одақтың кедендік аумағына келу орны тауарларды шығаруды жүзеге асырған мүше мемлекеттің аумағында орналастырылған кезде, нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабар көрсетілген ақпаратты бір ғана алушыға – тауарларды шығаруды жүзеге асырған уәкілетті органға жолданады.

73. Бірінші "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.019) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша кету орнының тауарлардың өтуін рәсімдейтін уәкілетті органы тауарлардың өтуі туралы хабарды қалыптастырады және нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабарды нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабарды алушыға жолдайды.

74. Алушы нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабарды алған кезде "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CP.02.OPR.020) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша кету орнының тауарлардың өтуін рәсімдейтін уәкілетті органына нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардың өңделуі туралы хабарлама жолданады.

75. Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардың өңделуі туралы хабарлама алынған кезде "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтердің өңделуі туралы хабарламаны алу" (P.CP.02.OPR.021) операциясы орындалады.

76. Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабарды алушының нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабарды алуы "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.007) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

77. Жалпы процестің "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.007) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 31-кестеде келтірілген.

31-кесте

**Жалпы процестің "Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардар ету" (P.CP.02.PRC.007) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі**

| Кодтық белгіленімі | Атауы | Сипаттамасы |
|--------------------|-------|-------------|
| 1                  | 2     | 3           |
|                    |       |             |

|                 |                                                                                    |                                            |
|-----------------|------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| P.CP.02.OPR.019 | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсыну                           | осы Қағидалардың 32-кестесінде келтірілген |
| P.CP.02.OPR.020 | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу             | осы Қағидалардың 33-кестесінде келтірілген |
| P.CP.02.OPR.021 | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтердің өңделуі туралы хабарламаны алу | осы Қағидалардың 34-кестесінде келтірілген |

### 32-кесте

#### **"Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.019) операциясының сипаттамасы**

| Реттік № | Элементтің белгіленімі  | Сипаттамасы                                                                                                                                                          |
|----------|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1        | 2                       | 3                                                                                                                                                                    |
| 1        | Кодтықбелгіленімі       | P.CP.02.OPR.019                                                                                                                                                      |
| 2        | Операция атауы          | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсыну                                                                                                             |
| 3        | Орындаушы               | тауарлардың өтуін рәсімдейтін кету орнының уәкілетті органы                                                                                                          |
| 4        | Орындау шарттары        | кедендік бақылауды жүргізу нәтижелері бойынша Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың кетуіне рұқсат беруді рәсімдеу туралы шешім қабылданған кезде орындалады        |
| 5        | Шектеулер               | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматы мен құрылымының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. |
| 6        | Операцияның сипаттамасы | орындаушы нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабарды қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алушыға жолдайды                           |
| 7        | Нәтижелер               | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабар алушыға жолданды                                                                                                         |

### 33-кесте

#### **"Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CP.02.OPR.020) операциясының сипаттамасы**

| Реттік № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы     |
|----------|------------------------|-----------------|
| 1        | 2                      | 3               |
| 1        | Кодтықбелгіленімі      | P.CP.02.OPR.020 |
|          |                        |                 |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                       |
|---|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2 | Операция атауы          | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу                                                                                                                                                |
| 3 | Орындаушы               | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабарды алушы                                                                                                                                                                   |
| 4 | Орындау шарттары        | орындаушы нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабарды алған кезде орындалады ("Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтерді ұсыну" (P.CP.02.OPR.019) операция)                                                |
| 5 | Шектеулер               | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматы мен құрылымының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.                                                  |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабарды қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады, оның өңделуі туралы хабарламаны қалыптастырады және кету орнының тауарлардың өтуін рәсімдейтін уәкілетті органа жолдайды |
| 7 | Нәтижелер               | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабар өңделді, оның өңделуі туралы хабарлама кету орнының тауарлардың өтуін рәсімдейтін уәкілетті органына жолданды                                                             |

34-кесте

**"Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтердің өңделуі туралы хабарламаны алу" (P.CP.02.OPR.021) операциясының сипаттамасы**

| Реттік № | Элементтің белгіленімі | Сипаттамасы                                                                                                                                        |
|----------|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1        | 2                      | 3                                                                                                                                                  |
| 1        | Кодтық белгіленімі     | P.CP.02.OPR.021                                                                                                                                    |
| 2        | Операция атауы         | нақты кететін тауарлардың өтуі туралы мәліметтердің өңделуі туралы хабарламаны алу                                                                 |
| 3        | Орындаушы              | кету орнының тауарлардың өтуін рәсімдейтін уәкілетті орган                                                                                         |
| 4        | Орындау шарттары       | орындаушы нақты кететін тауарлардың өтуі туралы хабардың өңделуі туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Нақты кететін тауарлардың өтуі туралы |

|   |                         |                                                                                                                                               |
|---|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                         | мәліметтерді қабылдау және өңдеу<br>" (Р.СР.02.ОПР.020) операциясы)                                                                           |
| 5 | Шектеулер               | хабарламаның форматы мен<br>құрылымы Электрондық құжаттар<br>мен мәліметтердің форматы мен<br>құрылымының сипаттамасына<br>сәйкес келуге тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы хабарламаны<br>қабылдау мен өңдеуді Ақпараттық<br>өзара іс-қимыл регламентіне<br>сәйкес жүзеге асырады                              |
| 7 | Нәтижелер               | нақты кететін тауарлардың өтуі<br>туралы хабардың өңделуі туралы<br>хабарлама өңделді                                                         |

## IX. Штаттан тыс жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі

78. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде қалыпты режимде мәліметтерге өңдеу жүргізу мүмкін болмайтын айрықша ахуалдар болуы мүмкін. Бұл техникалық іркілістер, құрылымдық және форматтық-логикалық бақылаудағы қателіктер туындаған кезде және өзге де жағдайларда болуы мүмкін.

79. Құрылымдық және форматтық-логикалық бақылаудағы қателіктер туындаған жағдайда мүше мемлекеттің уәкілетті органы қателік туралы хабарлама алынған хабарға қатысты оның Электрондық құжаттардың форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және электрондық құжаттар мен мәліметтердің осы жалпы процеске арналған Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес толтырылу талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады. Мәліметтердің көрсетілген құжаттардағы талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы анықталған қателікті белгіленген тәртіппен жою үшін қажетті шаралар қолданады.

80. Штаттан тыс ахуалдарды шешу мақсатында мүше мемлекеттер құзыретіне осы Қағидаларда көзделген талаптарды орындау жататын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары туралы бір-бірін және Еуразиялық экономикалық комиссияны хабардар етеді, сондай-ақ жалпы процесті іске асыру кезінде техникалық қолдауды қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалар туралы мәліметтер ұсынады.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 21 тамыздағы  
№ 128 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы " Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы**

# **процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл РЕГЛАМЕНТІ**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі - Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезіндегі электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылмай тасымалданатын тауарлардың жекелеген санаттарының келуі және кетуі кезінде кедендік операцияларды жасаудың кейбір мәселелері туралы" 2017 жылғы 7 қарашадағы № 134 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың нақты әкетілуін растау тәртібі туралы" 2018 жылғы 7 ақпандағы № 25 шешімі.

## **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылардың "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) транзакцияларын орындаудың тәртібі мен шарттарын біркелкі қолдануын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

3. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды іске асыруға тікелей бағытталған жалпы процесс операцияларын орындаудың тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

4. Осы Регламентті жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

## **I. Негізгі ұғымдар**

5. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"аутенттеу" – субъектіге ұсынылған сәйкестендіргішке қолжетімділіктің оған тиесілігін тексеру, түпнұсқалығын растау;

"ЖНМ" - кеден органдарының лауазымды адамының жеке нөмірлі мөрі, кедендік құжаттарда оның бедері және лауазымды адамның қолы қойылып, кедендік операциялардың жасалуы куәландырылады;

"деректеме" - электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректер бірлігі, ол белгілі бір түпмәтінде ажырамас болып есептеледі;

"ЕАЭО СЭҚ ТН" - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы.

Осы Регламентте "бастамашы", "бастама операция", "қабылдайтын операция", "респондент", "жалпы процесс хабарламасы" және "жалпы процесс транзакциясы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Регламентте пайдаланылатын өзге ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 21 тамыздағы № 128 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерлерге тауарлардың нақты әкетілуін бақылау және растау процесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан

әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы негізгі мәліметтер

1. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

6. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Ақпараттық өзара іс-қимыл жасауға қатысушылар рөлдерінің тізбесі

| Рөлдің атауы                                                                                                        | Рөлдің сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                            | Рөлді орындайтын қатысушы                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
